

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 1995 жылғы 19 қазан N 2550.

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 1992 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 10, 266-құжат; 1993 ж., N 10, 266-құжат);

2) "Қазақстан Республикасында Конституциялық Сот ісін жүргізу туралы" 1992 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 10, 267-құжат; 1993 ж., N 10, 266-құжат);

3) "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" және "Қазақстан Республикасында Конституциялық Сот ісін жүргізу туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 10, 268-құжат);

4) "Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының қызметін қамтамасыз ету туралы" 1992 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы;

5) "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілін жіберу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) осы Жарлықтан туындайтын қажетті ұйымдық және өзге де

шараларды қолдансын;

2) Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы Жарлықпен сәйкестендірсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК